


ЖЫРЫМ СЕНСІҢ – ЖАҢАҚАЛАМ!




Жаңақала – Атамекен, алтын аймақ

*Сағынып көрмей жүрсек қиялдайтын,
Алысқа кетпек болсақ, қия алмайтын,
Жаңақала - атамекен ,алтын аймақ,
Айтуға туған деп ұялмайтын.*

*Жаңақала жері жұмсақ, желі майда,
Өнім мол бақша салып, егін айда
Өрісте бұлтша қаптап малы жатыр
Еңбекші ел ет пен сүтін еткен пайда.*

*Талайдың құлыны өсіп,құнан шыққан,
Ардагер азаматтар мұнан шыққан
Жортыпты осы арада Махамбеттер
Аузынан « Ағатайлап» ұран шыққан.*

*Бұл жерде малын бағын бабам өткен,
Әлпештеп ұл мен қызын адам еткен.
Көп болған осы жердің өрендері
Өмірін жас ұрпаққа сабақ еткен.*



*Кім білмес соның бірі Мендешевті
Сейтақан құнарлы осы жерде өсіпті.
Қолынан Лениннің мандат алып,
Халқының бақыты үшін белдесіпті.*

*Айтамыз ғалым аға Шолановты
Бутин мен Еділбаев о да мықты.
Солардың інілері қан майданнан
Жеңіспен қиын күнде оралыпты.*

*Күй шертіп домбырасын аңыратқан,
Халықты әсем әнмен жадыратқан.
Құрекең , Дина, Қали, Шамғондар да,
Өсіпті осы елдегі шаңырақтан.*

*Бұл елде жұлдыз таққан батырлар көп,
Жыр жазған мөлдіретін ақындар көп,
Сағынып келгеніңде құшақ жайып,
Қарсы алар « бауырым» дер жақындар көп.*

*Жеткізген соның бәрін мына халық,
Келе жатқан ғасырлардан мұраны алып.
Осындай өрен елдің адамдарын
Шетінен сүйгім келді тұра қалып.*

Х.Мадан

Жайнаған, Жасарған, Жаңғала

*Қонысы бабамның – маң дала,
Құт болған малға да жанға да.*

*Желбіреп көгінде көк туы,
Жайнаған, жасарған Жаңғала.*

*Қанишама жел соғып, су ақты,
Уақыт жылатты, жұбатты.*

*Күн нұры күлімдеп, құйылған,
Анамның пейілі сияқты.*

*Нарынның иесі – Жаңғала,
Нар ұлдар киесі – Жаңғала.
Самал жел жап – жасыл құрақты,
Аймала, аймала, аймала.*

*Соғатын бораның, дауылың,
Бәрі ыстық, ағайын, бауырым.*

*Кірлесе көңілді жуатын,
Нөсерлеп құятын жауының.*

*Қарашы құлпырған айдала,
Не деген көрікті бай дала.*

*Дүние тұрғанша тұра бер,
Туған жер, сүйікті Жаңғала.*

Захария Сисенғали

Жаңақалам

*Жаңағалам – алтын бесік атырабым
Алты Алаш даламызға аты мәлім .
Қали мен Диналардың мекені едің,
Оқаптай дарын тапқан топырағың.*

*Ақжайық арманымның арынысың
Сақталған бабалардың қалыбы шын.
Қасиетті қазағымда Құрманғазы
Даламның өзі тапқан алыбысың
Жан салған барым үшін, арым үшін.*

*Жаңғалам өзің едің бағы мыңның,
Тамбады елім үшін қаны кімнің.
Махамбет жырларың боп төгілемін,
Намысы үшін шауып Нарынымның.*


Асылбек Ишанов

Жаңақала – арман жер

*Жаңақала - жайнап жатқан
жазықтық,
Балалықта шежіреңді аз ұқтық.
Сағым қуып, ой – қырыңда асыр сап,
Есейгенше әлдеқайда асықтық.*

*Жаңақала – кім-кімге де арман жер,
Бабалардан мирас болып қалған жер.
Құрманғазы , Дина , Оқап, Қалилар,
Махамбеттің кіндік қаны тамған жер.*

*Жаңақала – аққулы көл шалқыған,
Жалтыркөл мен Бірқазандай тал,
қоғам.
Қамыс – Самар, Мұқыр, Көшім
танысаң,
Қылқұйрықтар кісінеп дер тарпыған.*

A golden scroll is unrolled, showing three stanzas of text. A large, detailed quill pen is positioned diagonally across the right side of the scroll. The background is a light, warm yellow with subtle decorative patterns.

*Жаңақала- төрт түлік мал мыңғырған,
Ол – Тастөбе, ерен ерлік тудырған.
Төбелерден төгіледі күмбір күй,
Саз еседі боз жусанмен жыңғылдан.*

*Жаңақала жарқын жүзді жараңдар,
Еш уақытта жоғалмайтын бағаң бар.
Мұнда менің ағайын - дос, бауырым,
Ата- әжелер, ақ жаулықты анам бар.*

*Жаңақала жомарт өлке, алабым,
Сен дегенде шалқып салар бар әнім.
Тағдыр айдап, ұзасам да өзіңнен,
Мәңгі бақи перзеннің боп қаламын.*

Мұнайдар Баймолда

Жаңақала

Қараймын келбетіңе қайран қалып,
Барады атың сенің әнге айналып.

Арыстан айбарлым
Атыңнан айналдым, Жаңақала

Жаралған асылдан
Жүрекке жақын маң,
Бақ кетпес басыңнан, Жаңақала
Жадырап тұрған қала жасыл киіп,
Бойыңа алғандайсың асыл жиып.

Жыл сайын жаңарып,
Гүлденген жасарып
Жадыра, жасанып, Жаңақала
Төрт түлік найқалған,
Алқабы жайқалған,
Еңбекті қайтарған, Жаңақала

Бал құрғақ өзен көлдің жағасы анық,
Армысың, Жаңақала – қала шабыт

Сән берген далаға,
Көркіңді бағала
Ақ қанат шағала – Жаңақала

Ән жырдың асқағы,
Елдіктің асқары
Жанымның аспаны - Жаңақала

Амангелді Шахин


Жайсаң өлкем - Жаңақалам

*Төскейде арайланып атады таң,
Жырлаймын шабыт алып шапағынан,
Мәңгілік жүрегімде қорған болып,
Ауылым алтын бесік, жатады маң.*

*Жан едім арнап жүрген заманға жыр,
Жырлаудан туған жерді қалам ба, құр.
Жаңғалам, алыптардың ордасы еді,
Махамбет жырлары боп санамда жүр.*

*Артамын елге сенім, жерге сенім,
Жырлайтын әділдікті жерде өсемін.
Қали, Оқап, Сейтектей дара туған,
Атақты күйшілермен жерлес едім.*

*Жаңақалам далаңдағы әр тасыңды,
Ат басындай алтыңға бермес едім.
Жырлайтын тарихыңды тоқсан ауыз,
Ұлыңмын,
Ей, Жаңғала, Мен де сенің...*



*Жырласам жайсаң өлке Жаңгаланы,
Жүректе тербетіліп ән қалады.
Күй шертіп Құрманғазы бабам өткен,
Қолға алып қасиетті домбыраны.*

*Динадай әжеміздің аты мәшһүр,
Күй болып бұл заманда жаңғырады.
Тұяқ пен Шамзон көкем қасиетін,
Ұрнағы мақтан тұтып жыр қылады.*

*Бабалар рухына тағзым етіп.
Жүрегім алыс ұрып, сыр тұнады.
Жырла деп Жаңгаланың табиғатын,
Мұқырдай асау өзен бұлқынады.
Шолоховқа кезінде шабыт берген,
Жалтыркөлдің жайқалған мың құрағы.*

Ей, Жаңғала!

*Жылдан жылға көркің тасып гүлдендің,
Белгісіндей кешегі өткен күндердің.
Жаңа мешіт бой көтерсе ортаңда,
Исламның шаригатын меңгердім.*

*Сауықтыру орталығы салынған,
Сан дертіне шипа болмас кімдердің.
Күлімдеді шуақ шашып ақ таңың,
Бүгіндері таңғажайып түрге ендің.*

*Арманыңды алыстарға жалғаған,
Қыран құсың қия көкке самғаған.
Бәйшешектей бүршік жарған қазіргі,
Көз тоймайды ,мен көркіңе таң қалам.*

*Топырағы ежелден – ақ киелі.
Батырлардың ізі жатқан паң далам.
Құтты болсын сексен жылдық гұмырың,
Жұмағысың жер – ананың, Жаңғалам!*

Алтынбек Ермекқалиев